

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Қайырымды бала» Д. Данабеков (әңгіме)

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120931/

Бағытжанова Бибіробия Маратқызы

Мақсаты: балаларды Д. Данабековтың «Қайырымдылық» әңгімесімен таныстыру

Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін үйрету дағдыларын қалыптастыруды әрі қарай дамыту. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Міндеттері: **Білімділік:** адам жүріс - тұрысының ерекшеліктерін байқауға, бағалауға үйрету ; **Дамытушылық:** адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту;

Тәрбиелік: өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту .

Сөздік жұмыс: қарлығаш, балапан**Билингвальді компонент:** қарлығаш - ласточка, қайырымдылық — милосердие**Қажетті құрал - жабдықтар:** әртүрлі суреттер.

	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
--	---------------------	--------------------

<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>— Сәлеметсіздерме балалар! Балалар көңіл күйлерін қалай? Бүгін бізде ерекше күн, бізге қонақтар келіпті барлықтарымыз қонақтарымызға амандасып алайық ! Оқу қызметімізді ерекше өткізейік Ендеше автобуспен серуендеп қайтамызба? Бірінші аялдамамыз балалар «Достық» аялдмасы Шаттық шеңбер: Дос болайық бәріміз Жарасып тұр әніміз Тыныштықты сақтаймыз Атсын күліп таңымыз Келесі аялдамамыз балалар «Мейірімділік» аялдмасы Ғажайып сәт: Есік қағылады, Әжей келеді — Балалар сәлеметсіңдерме? — Қолымдағы қорабым қандау ауыр еді. Маған көмектесіп жібересіңдерме? — Балалар көмектесейік әжемізге — Балапан _____ дарым менің рахмет көп-көп. Өркендерің өссін. Балалар мені келесі бекетке жеткізіп тастайсыңдарма? — Рахмет балалар. — Әжей кел отырыңыз — Келесі бекетімізге де жеттік</p>	<p>Сәлеметсізбе апайлар!</p> <p>Иә</p> <p>Шаттық шеңберге тұрып орындайды</p> <p>— Сәлеметсізбе әжей! — Көмектесеміз</p>
--	---	--

<p>Ұйымдастыру-іздігі</p>	<p>Суретпен жұмыс. Дидактикалық ойын «Болады, болмайды» <ul style="list-style-type: none"> · Балалар, суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар? · Қай балалар жақсы деп ойлайсыңдар? · Неге олай ойлайсыңдар? · Ал , мына балаларды неге жаман деп ойлап қалдыңдар? <p>Балалар, бүгін біз Д. Данабеков ағаларының «Қайырымдылық» деген әңгімесімен танысамыз. «Қайырымдылық» әңгімесін оқу. Сәулет пен Келбет далада ойнап жүр. Ыстықтан тершігендеріне қарайтын емес. Келбет допты Сәулетке қарай лақтыра беріп тоқтай қалды. Екі көзі қалықтай ұшып жүрген қарлығаштарда. <ul style="list-style-type: none"> · Ананы қарашы, әне! Сәулет жоғары қарады. Қарлығаштар төмендеп ұшып, қайта көтерілді. Екі бала қарап тұрды. Қарлығаштар шырылдап айнала ұшып жүр. <ul style="list-style-type: none"> · Ой, — деді сүрініп кеткен Сәулет тізесін сипалап. – Әне, ана балапанды қарашы! · Кәне, қайсы? Қай жерде? · Әне! Байқа, басып кетпе! Келбет келіп қарады. Кіп – кішкентай тұмсығын жерге тіреп, қызылшақа балапан жатыр. Көздерін ашып – жұмып, дір – дір етеді. Сәулет балапанды абайлап көріп: <ul style="list-style-type: none"> · Ұядан ұшып түскен ғой, — деді. · Тірі ме? · Иә, тірі сияқты. · Бізден қорқып тұрған шығар? · Онда ұясына салайық, — деді де сатыны әкеліп, үйдің қабырғасына сүйеді. Балалар балапанды ұясына салды. Қарлығаштар енді көңілді. Олар көкке көтеріліп, балалардың төбесінен екі – үш айналып өтті. Бірнеше рет оқиды. Түсініксіз сөздерді қарапайым сөздермен түсіндіреді.</p> <p>Сөздік жұмыс: Қарлығаш – деген құс бар. Оның құйрығы айыр болады, бірақ ол үй құсы емес, дала құсы. Әжей мен қоштасады.</p> <p>Сұрақ - жауап арқылы әңгімелесу. <ul style="list-style-type: none"> · Әңгіме не жайлы? · Әуеде не ұшып жүрді? · Сәулет жерден нені көрді? · Ол балалардың орнында болсаңдар сендер не істер едіңдер? · Енді, қарлығаштың өзге тілдерде де аталуын айтып көрейік: қарлығаш – ласточка, қайырымдылық-милосердие · Дид-қ ойын: «Жақсы — жаман» · · </p> </p>	<ul style="list-style-type: none"> · Құстар мен балалар. · Құстарды ұясына салып жатқан балалар жақсы. · Олар құстарды ренжітпейді. · Олар құстарға тас лақтырып жатыр. <p>Әңгімені мұқият тыңдайды.</p> <p>Жаңа сөздермен танысады.</p> <ul style="list-style-type: none"> · Қарлығаш пен балапаны . · Қарлығаш · Қарлығаштың балапанын. Балалардың жауабы. · Қарлығаш – ласточка <p>Сөздерді қайталап, есте сақтауға тырысады.</p>
<p>Рефлексивті-түзетушілік</p>	<p>Қорытынды: Суреттерді көрсете отырып, сұрақ - жауап арқылы оқу іс - әрекетті қорытындылайды. Балаларды мадақтау</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: шығарманың мазмұнын;

Болу керек: шығарманың мазмұнына байланысты қамқорлық, мейірімділік қасиеттері;

Істей білу керек: әңгіме мазмұнына қарай жақсылық пен жамандықты ажыратуды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.